

ҚҰБ монеталарын сату бойынша интернет-дүкеннің жұмысына қатысты сұрақ-жауап

- **Монеталарды сатып алу үшін интернет-дүкенде қалай тіркелуге болады?**

Жауап: Тіркеу ҚР ҰКО ЭЦҚ міндетті түрде пайдалана отырып жүзеге асырылады. Толық бейне нұсқаулықты көру үшін келесідей сілтеме арқылы өтіңіз <https://www.youtube.com/watch?v=wtCxZGznBr4>.

- **Монетаны қалай сатып алуға болады?**

Жауап: Монеталарды интернет-дүкенге тіркеліп, сәтті кіргеннен кейін ғана сатып алуға болады.

- **ЭЦҚ қалай алуға болады?**

Жауап: Интернет-дүкенде тіркелу үшін ҚР ҰКО ЭЦҚ пайдаланылады. ЭЦҚ алу бойынша толығырақ ақпарат мына сілтемеде <https://pki.gov.kz/poluchenie-fl/>.

- **ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін қандай техникалық талаптар бар?**

Жауап: ЭЦҚ кілттерімен жұмыс істеу үшін NCALayer бағдарламасын орнату қажет. Қосымша ақпарат, сондай-ақ бағдарламаны жүктеу сілтемелері келесідей сілтемеде <https://pki.gov.kz/ncalayer/>.

- **Тіркеу кезінде толтырылған жеке деректерді өзгерте аламын ба?**

Жауап: Жеке деректерді өзгерту үшін интернет-дүкенде тіркеліп, «Жеке кабинет» бөліміне өту керек (жоғарғы оң жақ бұрышта). Мекен-жай деректерін, email, телефон нөмірін, сондай-ақ парольді өзгертуге болады. Ал азаматтың тегі, аты, әкесінің аты және ЖСН «жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан алынған деректермен автоматты түрде толтырылады. Сәйкесінше, оған өзгеріс енгізу мүмкін емес.

- **Интернет-дүкен ұялы телефондар және/немесе планшеттер арқылы жұмыс істей ме?**

Жауап: Интернет-дүкенде тіркелу және авторизациялау (кіру) дербес компьютерлер (ДК) үшін ЭЦҚ кілттері арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан интернет-дүкенде монеталарды сатып алу осы кілттерді пайдалануға болатын стационарлық компьютерлер мен ноутбуктерде ғана іске асады. Осы кезеңде мобильді ЭЦҚ-мен (eGov mobile) тіркеу және авторизациялау көзделмейді.

- **Неліктен интернет-дүкенге тіркелу және кіру ЭЦҚ арқылы жүзеге асырылады?**

Жауап: Интернет-дүкеннің алдыңғы нұсқасы бірқатар маңызды мәселенің барын көрсетті. Оның ішінде негізгісі - жосықсыз пайдаланушылар ашқан жалған парақшалар мен интернет-боттардың көбеюі. Интернет-боттарды азайтуға көмектесетін шешімдердің бірі - ЭЦҚ арқылы авторизацияны бақылауды енгізу. Бұл шара үшінші тұлғаларға ресімделген жалған парақшаларды ашу сияқты әрекеттерді бақылаусыз қалдырмауға мүмкіндік береді.

- **Kaspi, Homebank банк қосымшаларымен интеграция бола ма?**

Жауап: Интернет-дүкенде төлем «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Ерау онлайн-төлемдерін қабылдау және өңдеу сервисі арқылы жүзеге асырылады.

- **Неліктен монеталардың сатылымы ҚРҰБ аумақтық филиалдарының шектеулі санында ғана, жаңа монеталарды сатылымға шығарылмай, іске асырылады? Қандай монеталар интернет-дүкен арқылы сатылады?**

Жауап: Жаңа жүйелерде қолданысқа енгізген сәттен бастап, тестілеу кезінде анықталмаған, қарастырылмаған қателер жиі пайда болады. Тәуекелдерді азайту мақсатында, сондай-ақ пайдаланушылардың қолайлығы үшін, бұдан бұрын сатылым туралы хабарланған монеталарды және ҚРҰБ 5 аумақтық филиалының – Орталық филиалы (Астана қ.), Алматы қалалық филиалы, Ақтөбе филиалы, Шығыс-Қазақстан филиалы және Қарағанды филиалы қатысуымен интернет-дүкенді іске қосу туралы шешім қабылданды. Бұл – уақытша шара. Егер шектеулі жұмыс кезінде интернет-дүкеннің жұмысы тұрақты болса, жұмысқа қосымша ҚРҰБ аумақтық филиалдары жаңа монеталарды сатумен жұмысқа қосылады. Бастапқы кезеңде интернет-дүкен арқылы бұдан бұрын сатылым туралы хабарланған «TILASHAR» және «SEMEI IADROLYQ POLIGONYNYN JABYLGANYNA 30 JYL» коллекциялық күміс монеталары, сондай-ақ «JAMBYL. 175 JYL», «TILASHAR», «ROZA BAGLANOVA. 100 JYL» және «Теңгеге 25 жыл» бағалы емес металдардан жасалған коллекциялық монеталары сатылады. Одан бөлек, аталған шара жаңа монеталарды сатуға шығарғанға дейін пайдаланушыларға ЭЦҚ алуға мүмкіндік береді.

- **Бір қолға берілетін монеталардың саны бойынша шектеулер сақталды ма?**

Жауап: Коллекциялық монеталар шектеулі тиражбен шығуына байланысты, пайдаланушылардың максимал санының қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк өзіне бір қолға берілетін монеталардың санын, сондай-ақ шектеулердің мерзімін реттеу құқығын қалдырады. Осы орайда, шектеулер кейбір монеталарға деген сұранысқа байланысты реттеліп отырады.

- **Әр түрлі аумақтық филиалдардан бір монетаға тапсырыс беруге бола ма?**

Жауап: Интернет-дүкенде белгілі бір монеталарды бір қолға сатуға шектеу қойылған. Барынша көп пайдаланушының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Ұлттық Банк монеталардың сұранысы мен таралымына қарай шектеулерді және олардың қолданылу мерзімін реттеу құқығын өзіне қалдырады. Осылайша, пайдаланушы монетаны сатып алу лимитіне жеткенде, таңдалған аумақтық филиалға қарамастан, оны сатып алу интернет-дүкенде белгілі бір күндерге қол жетімді болмайды.

- **Интернет-дүкенді пайдалану кезінде мәселелер туындаса, қайда жүгінуге болады?**

Жауап: Интернет-дүкеннің жұмыс істеу мәселелері бойынша өтінімдерді Ұлттық банктің байланыс орталығы 1477 және +7 (727) 258 11 97 (Beeline абоненттері үшін) нөмірі бойынша қабылдайды.